

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ КУБАҒА САПАРЫ

БОСТАНДЫҚ АРАЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ- САЯСИ ЖАҒДАЙ

1959 жылы Фидель Кастро, Эрнесто Че Геваро, Рауль Кастролар бастаған Куба революционерлері Батистаның режимін құлатты. Кастроның орнатқан үкіметімен әлемде біраз мемлекеттер дипломатиялық қарым-қатынасын үзген болса, бірқатар мемлекеттер қайта байланыс орнатты. Байланыс орнатқандардың қатарында бұрынғы Кеңес Одағы да болды. Қазір Латын Америкасындағы социалистік даму жолына түсіп, сол жолды жалғастырып келе жатқан ел – Куба.

1962 жылы күзде бұрынғы Кеңес үкіметі Кубаға жасырын түрде атом қаруы мен әскери базасын орнықтыруынан АҚШ-пен арасында дүниежүзілік ядролық соғыстың тұтануына шақ қалған болатын. Оған АҚШ-тың 1961 жылы Түркияға «Юпитер» зымыранын орналастыруы себеп болған еді. Бірақ мәселе алпауыт ядролық құралы бар екі елдің үкімет басшылары мен дипломаттарының шұғыл дұрыс шешім қабылдауының нәтижесінде соғыс өрті тұтанбай тоқтаған болатын. Бұл тарихта «Кариб кризисі немесе Кубаның ракеталық кризисі» деген атпен қалды.

Кеңес Одағы Кубадағы өз әскери базасынан әскерлері мен ракеталарын Куба басшыларының келісімінсіз шұғыл түрде әкетеді. АҚШ болса Түркияға орналастырған зымырандарын алып, Кубаның қауіпсіздігіне кепілдік береді. Әлем, сөйтіп, ядролық соғыстың тұтануынан аман қалды.

Бірақ, АҚШ 1960 жылдан бастап Кубаға қарсы экономикалық санкция орнатып, оны күні бүгінге дейін күшейтіп келеді.

Кеңес Одағы мен Куба елінің және де екі елдің көшбасшыларының арасындағы қарым-қатынасты қайта қалпына келтіру мақсатында Фидель Кастроны Кеңес Одағына 1963 жылдың кез келген уақытында келуіне шақырту жіберіледі. Сөйтіп, Куба революциясының атасы Фидель Кастро 1963 жылдың 27 сәуір күні өте құпия жағдайда Кеңес Одағына ұшып келеді.

ДАҚПЫРТ ПЕН ШЫНДЫҚ

Фидель Кастро Кеңес Одағының астанасы Москваға Мурманск арқылы ұшып келеді. Куба басшысына Волгоград, Иркутск, Красноярск, Свердловск, Ленинград, Киев, Сухуми, Тбилиси, Ташкент қалаларын көрсетіп, саяхаттады.

Фидель Кастро Ташкентте болғандағы халықпен бір кездесуінде: «Мен Бауыржан Момышұлы мен Жамбыл Жабаевтың туған жерінде болуды армандадым», - деген екен.

Осы хабарға сүйеніп, ел арасында «Фидель Кастро Бауыржанды шақыртыпты» деген дақпырт желдей есіп тарап жүргені Баукене ұнамай, оның шындығын өзі былай деп жазыпты: «...Мен өз басым бұл хабарға көпке

дейін мән бермей жүрдім. «Кубаға баратын екен, бірақ та жібермейті..» деген өсек екі жыл бойы қыр соңымнан қалмады. Барсам, барайын деген шешімге келдім. Ешкім маған «Сені Кубаға жібермейміз» деген жоқ. Қайта шетелге керекті ресми документтерді қолма-қол тиісті кеңселерден уақтылы өткізіп, Москвадан виза алуға жәрдемдесті. Менің істегенім қысқаша анкетаны толтырып, 5X9 3 дана фотокарточкаларымды тапсыру ғана болды».

Ф.Кастро, Эрнесто Че Геваро, Р.Кастродан бастап Куба жауынгерлері Кубада испан тілінде жарық көрген Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабынан Б.Момышұлы туралы оқып, Баукеңді өздеріне ұстаз тұтқан. Фидель Кастро: «Бауыржанның туған жерін көрсем» деп армандаған болса, Рауль Кастро «Бауыржан Момышұлын Куба жерінде көрсек қуанар едік» деген.

Кубаның Қарулы күштерінің министрі Рауль Кастро Бауыржанды Куба жерінде көргісі келетіндігі жөнінде Кеңес жазушылары Сергей Смирнов, Александр Кривицкий, Василий Субботин, чехословак жазушысы Вацлав Кубик өздерінің Куба әсерлері туралы баспасөз бетіндегі мақалаларында жазады. Баукең сол материалдарды оқыған.

А.Бектің «Волоколам тас жолы» атты кітабы алғаш 1944 жылы орыс тілінде жарық көрді. 1946-60 жылдары ағылшын, иврит, испан, қытай, неміс, және т.б. көптеген тілдерге аударылып басылған. Баукең 1965 жылы А.Бектің «Волоколам тас жолы» кітабының неміс, кәріс, араб тіліне аударылған үш кітабына қолтаңбасын қойып Жамбыл облысының тарихи-өлкетану музей қорына тапсырған. Қазір бұл кітаптар Даңқ залындағы көрмеде тұр.

Кубадағы испан тілінде жарық көрген кітап туралы: «Американдық жалдамалылармен Плайя-Хирондағы шайқас күндері көптеген қырағы жауынгерлердің қоржындарында Кубада жарық көрген А.Бектің повесі болған. Міне, Волоколам тас жолының жебесі – қайда жеткен», - дейді Василий Субботин.

Фидель Кастро, Эрнесто Че Геваро, Рауль Кастродан бастап Куба жауынгерлерінің сол Кубада испан тілінде жарық көрген кітапты оқығаны анық болды. Шетелдерден Кубаға келген туристерге жетекші гид қызметін атқарушы Ольга Лоренсе Бауыржанға: «Сен туралы кітапты бірінші оқыған Фидель еді. Соны бізге ұсынған да сол кісі еді. Ол сізді жақсы көреді», - дейді.

Рауль Кастро Фидельдің тапсырмасымен Москвада болғанында өз елінің елшісі арқылы Бауыржан Момышұлы туралы анықтама жинайды. Бауыржанның аман-есен Алматыда тұратыны, кітап жазатынын біліп, өзінің тиісті каналдары арқылы Кубаға келуге өтініп, шақырту жіберген екен. Москвадағы Кеңес Жазушылар одағының шет елге жіберетін комиссиясы Бауыржанды Кубаға туристік сапармен баратын делегацияның құрамында турист есебінде баруына рұқсат береді.

ТОЙДЫҢ БОЛҒАНЫНАН БОЛАДЫСЫ ҚЫЗЫҚ

Баукең ауырып қалып, қыркүйектің бесі күні ауруханаға түседі. Ауруханаға жұбайы Ғайникамал «Бауыржан Момышұлы бесінде аттанады. тчк Москвада үшінде болу керек» деген телеграмманы ауруханаға әкеліп береді. Дәрігерлер, әсіресе, Ким Аршакова Баукеңді дұрыс емдеп, 29 қыркүйекте үйіне ауруханадан шығып келеді. Үйіне келген соң «Момышұлының аттануы қарашаның отызына шегерілді» деген телеграмма алады. Барамын деп айтып қойған соң, енді кейін шегіне алмаймын деген Баукең, Кубаға әйелі мен баласы Бақытжанды да бірге ала кетуге бел байлайды. 8-ші қазан күні Мәскеудегі Жазушылар Одағының шетелге жіберетін комиссияның хатшысына төмендегі мазмұнда телеграмма береді: «Маған Кубаға баруға рұқсат бергеніңіз үшін рахмет тчк Маған балам Бахытжан Бауыржанович Момышұлы мен жұбайым Баубекова Ғайникамал-Момыш келінін бірге баруға шын көңілден өтініп рұқсат беруіңізді сұраймын тчк Бірнеше күн ішінде сізге тиісті өтініштер мен құжаттар ұсынылады тчк Осы аптаның соңында біз Мәскеуде боламыз. Құрметпен Бауыржан Момышұлы» [ҚРОМА 1432-қор]

Баукеңнің отбасымен бірге Кубаға баруына рұқсат беруін сұранып Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы Қуандық Шаңғытбаевтың Кеңес Одағының Жазушылар Одағы шетелге жіберетін комиссиясының хатшысы Медведевке 9 қазан 1963 ж. №СП-18 ресми жолдаған өтініш хаты бар. Ол хатта былай деп жазылған: «Жазушы Бауыржан Момышұлы РАУЛЬ КАСТРОНЫҢ ШАҚЫРТУЫМЕН Кубаға бара жатып, 1941 жылы туған баласы Бақытжан Момышұлы мен 1921 жылы туған жұбайы Баубекова Ғайникамал Момыш келінін өзімен бірге алып кетуге бізден рұқсат беруімізді өтінді. Қазақстан Жазушылар Одағы Момышұлы Бауыржанның отбасына қатысты барлық моральдық жауапкершілікті алады. Сізден Момышұлы жолдастың өтінішін қанағаттандыруыңызды сұраймыз. Құрметпен Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының хатшысы Қ.Шаңғытбаев» [ҚРОМА 1432-қор]

Қуандық Шаңғытбаевтың қолымен Қазақстан Жазушылар Одағының басқармасы секретариатының 10 қазан 1963 ж. №17 бұйрығына сәйкес Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Б.Момышұлымен бірге жұбайы Баубекова Ғайникамал Момыш келініне және баласы Момышұлы Бақытжанға 11 қазан мен 20 желтоқсан 1963 ж. арасында 60 күнге Москва-Мурманск-Гавана-Москва бағытында іссапарға жіберу туралы 10 қазан 1963 ж. №59 іссапар куәлігі [ҚРОМА 1432-қор] дайындап беріледі. Баукеңнің баласы Бақытжан болса бұл кезде Жуалыдағы өндіріс басқармасының газетінде әдеби қызметкер болып істеп жүрген болатын. Баукең баласына да телеграмма жолдап, жолға дайындалуын ескертеді. Баукең жұбайымен бірге қазанның он бірі күні поездбен Алматыдан Жуалыға шығып, таңсәріде жетеді. Күні бойы ауылында болып, сол күні түнгі 12-де Фрунзе-Москва поезына

мінеді. 16 қазан күні кешкі 16:00 де Москвада болады. Вокзалда Әмина Бапинамен кездесіп қалып, төртеуі «Заря» қонақ үйіне орналасады. Бір күнін демалысқа арнап, екінші күні Ғайникамал, Әмина, Бақытжан үшеуі магазин аралайды. Ал, Бауыржан шетелге жіберетін комиссияға барады. Дипломат құжаттарын қарап шығып: «Жұбайыңыздың жүрегі бұндай алыс жолға жарай қоймас. Аспанда 18-20 сағат болуға тура келеді, аэродромда 4-6 сағат боласыздар. Виза алуға да уақыт тығыздау. Еуропаның қай еліне барамын десе, жұбайыңызға да, балаңызға да виза алдырып берейін, жақын 2-3 сағат қана ұшады, ал Кубаға уәде бере алмаймын. Сіздің визаңыз біздің сейфте. 30 октябрь күні ұшасыздар. Оған дейін международная прививка істетіңіз», - деп мекен-жайы мен телефонын беріп сөзін аяқтады дипломат», - дейді Бауыржан Момышұлы.

Ғайникамал салқын тиіп ауырып қалады. Бауыржан, Бақытжан мен Әмина үшеуі Москвадағы досы академик Евгений Викторович Вучетичтің үйінде ақын Вершинин және бір профессормен бірге қонақта болады. Г.Р.Рошаль мен Вера Павловна үйіне қонаққа шақырады.

20 қазан күні Ғайникамал қатты ренжіп, чемодандарын жинап Алматыға қайтып кетеді.

Баукең аузы-мұрнына ұшық шығып, тамағы жұтқызбай, басы ауырып, аяқ-қолы сырқырап ауырып жатып қалады. Денсаулығы нашар деп Кубаға жібермей қояды деп қауіптеніп, жылы оранып жатады. 21-інде құлап, 28-інде төсегінен тұрады. 29 қазан күні интуристке барып, құжаттарын тапсырады. 32 адамнан тұратын топтың құрамында өзі бұрыннан танытын әдебиетші профессор Александр Абрамович Исбахпен бірге халықаралық Шереметьево аэродромынан 30 қазан күні Чехословакияның астанасы Прага қаласы арқылы отбасымен емес, жалғыз өзі ғана Гаванаға ұшады. Мәскеуден Кубаға баласы Бақытжан шығарып салады.

САЛМАҒЫ БӨЛЕК САЯХАТ

Мәскеуден ұшқан ұшақ 2-2,5 сағаттан соң Чехословакияның астанасы Прагаға қонады. Делегация Чехословакияда бір жұма қыдырып Праганы, Карлова Вары, Марианск Лазнеде, Пльзеньде саяхаттайды. Бауыржан ол жерде өз таныстары, достарымен, әскери академияда оқытқан шәкірттерімен кездескен.

Баукең мінген ұшақ Гавана аэродромына 1963 жылдың 5 қараша күні сағат 11:45-те қонады. Аспанда 21 сағат болып, шаршап шалдығып Кубаға жетеді. Аэровокзалда құжаттарын тексеріп жатқан офицерлер әйгілі қолбасшы, екінші дүниежүзілік соғыста даңқы шыққан стратег және тактик Бауыржан Момышұлын танып, оған ізет көрсетіп орындарынан тұрады. Бұлар Баукең туралы жазылған кітапты оқыған, ол туралы әбден білетін жауынгерлер боп шығады.

Сөйтіп, жиырма бес қабатты «Гавана Либрэ» қонақ үйінің 1122 нөміріне орналасады. Баукең 10 қарашаға дейін туристік сапармен келген жолдастарымен Гавананың ең таңдаулы тарихи орындарымен танысады.

Гавана мен гаваналық тұрғындар керемет әсер қалдырады. Баукең кубалықтарға «Кубалықтар көңілді, әрі төзімді халық» деп баға берген.

Бауыржан Момышұлы Кубаға турист есебінде барса да, сапарының екінші күні-ақ «Ой» газетінің бірінші бетіне портретімен қоса «Кеңес Одағының полковнигі, атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы» деген мақала жарық көреді. Одан кейінгі нөмірінде екі бетіне корреспонденттерге берген интервью және кубалықтармен болған кездесуден әңгімелер басылады. Мұның бәрін ұйымдастырған Гаванадағы «Правда» газетінің меншікті тілшісі Тимур Гайдар болатын. Ол - белгілі орыс жазушысы, «Тимур және оның командасы» кітабының авторы Аркадий Гайдардың баласы.

«Бәрі азды-көпті реттелген. Ертең жексенбіде сіз Вородорға барасыз. Дүйсенбі күні таңертең әрі қарай сапарға аттанатын тобыңыздан бөлініп қаласыз да, Гаванаға саяси департаменттің бастығы жолдас Кауссемен кездесуге қайтасыз...» деген Тимур Гайдардың хатын алады.

Баукең жатқан «Гавана Либрэ» қонақүйіне саяси департаменттің бастығы Кауссе келеді. Екеуара жылы таныстықтан соң Кауссе Орталық Комитеттің екінші хатшысы, Премьер-министрдің орынбасары, Куба Революциялық Қарулы Күштерінің министрі Рауль Кастроның туристік сапарын бір айға созыру туралы өтінішін жеткізеді. Туристік сапарын заңды түрде созыру жағын тиісті каналдар арқылы келісуді өз мойындарына алатынын айтады. Сөйтіп, Баукең Кубада жай турист емес, үкімет пен бас штабтың құрметті қонағы болып қалады. 20 күнге қалуын өтінсе де, 10 күнге қалуға келіседі.

Баукеңнің жұбайы Гайникамалдың қайынысы Мекемтасқа жазған бір хатында: «Кеше иностранный комиссияға звонит етсем айтады: «Сіздің шалыңызды кубинцалар тағы 10-12 күнге қалсын деп сұрап жатыр, тегінде рұқсат ететін шығармыз», - деді. Сөйтіп Баукең жалғыз өзі тағы 10-12 күнге қалатын көрінеді. 17.11.1963 ж. Жеңешен» делінген.

Бауыржан Момышұлының жүріп-тұруына арнайы «Кадиллак» маркалы машинаны, аудармашыны, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бір офицерді және «Вердо Оливо» журналының фототілшісін қосып береді. Баукең Кубаның алты провинциясын аралап, әскери академияда лекция оқиды. Завод-фабрикаларда, ауылшаруашылық кооперацияларда, оқу орындарында, әскери бөлімдерде болып, кездесулер өткізіп әңгіме-сұхбаттар жасайды. Сапарының соңында құрметті үкіметтік қабылдауда болып, Рауль Кастромен кездеседі. Баукең Кубада 5-21 қараша аралығында 17 күн болып, зор әсермен 21 қарашада Мәскеуге қайтады.

Иә, Баукеңе сол кездегі Куба халқының революциялық рухы, жасампаздық бірлігі мен жеңімпаздығы, еркіндігі ерекше әсер қалдырады. Алматыға келген соң «Лениншіл жас» газетінің бетінде «Куба күнделігінен» деген атаумен бірнеше мақалалар жазып жариялайды. Соң «Куба әсерлері» атты кітабын жазуға отырады.

Б.Момышұлы Вера Павловнаға 3.06.1965 ж. жазған хатында: «Менің «Куба әсерлерім» шамамен 17 баспа табақты баспахана қабылдады. Бірақ әлі

Жоғарыдағы үш еңбегіне қоса, Баукең 1965 жылы Жамбылға келген сапарында сиясы кеппеген «Куба әсерлері» кітабының да бір данасын қазіргі Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейіне өткізген.

